

республиканский журнал

ДОСТЫҚ РУЖБА

№ 5 / 2013 /

Алматы облысының
Достық, Үйіне
5 жыл!



республиканский журнал

ДОСТЫК РУЖБА

10
лет



Бір ел – бір тағдыр!
Одна страна – одна судьба!

- **Одна страна – одна судьба**
- **Личность**
- **Хранители традиций**
- **Многоликий мир**

Только у нас – и нигде больше –
ВСЕ О НАРОДЕ КАЗАХСТАНА!
Читайте, выписывайте, спрашивайте
во всех отделениях АО «Казпочта»

Подписаться можно с любого месяца
в АО «Казпочта», ТОО «Агентство Евразия пресс»
Подписной индекс: **75215**
Подписка на 12 месяцев: 1200 тенге

Журнал распространяется:
по регионам через экспедиторскую службу АО «Казпочта»
по всему миру через Всемирную ассоциацию казахов
по посольствам через МИД РК

www.dostykmag.kz



Республиканский журнал
«Достық-Дружба»
№5 (74), 2013 г.

Издаётся с мая 2003 года
при содействии Министерства культуры и
информации РК, Ассамблеи народа Казахстана,
Всемирной ассоциации казахов
УЧРЕДИТЕЛЬ и ИЗДАТЕЛЬ
ТОО «Журнал «Достық-Дружба»

Директор, главный редактор
Зейнегуль СЕЙСЕНОВА

Дизайн и верстка
Гульшат АЛБАЕВА

Редактор
Айгуль УАЙСОВА

Над номером работали
Ғабит ТҰРСЫНБАЙ
Сауле СУРАБАДИНОВА
Ләйлім КӨНЕКБАЕВА
Жанат САДЕКОВ
Гүлбақыт ҚАСЕНОВА
Матрена ЛИМ
Клаара ХАН
Владимир МОЛОДЦОВ
Серікбол ШЫНЫБАЕВ
Лариса КОТЕЛЬНИКОВА

Фото
Жеңіс ЫСҚАБАЙ
Жұмабай МҰСАБЕКОВ
Руслан КАДЫРОВ
Олег ПОДДУБНЫЙ
Егор МОЛОДЦОВ
Руслан ТЕН

Финансы
Юлия ТЫРСА

Логистика
Асхат ЕЛЕУСИЗОВ

Адрес редакции
050000, г. Алматы, Курмангазы, 40, оф. 37
Тел: +7 (727) 263 70 20, +7 701 744 37 77
E-mail: dostyk_d@mail.ru
zejnekul.seisenowa@yandex.kz
[HTTP://DOSTYKMAG.KZ](http://dostykmag.kz)

На обложке: Дом дружбы в г. Талдықорган


содержание



РУХЫ АСҚАҚ ЕЛДІҢ – КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ 16

«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» дейді халық даналығы. Әлемдік өркениет қатарында өзіндік орны бар, ата дәстүрі-салтын сақтаған, адами қарым-қатынастардың жоғарылығымен ерекшеленетін Қазақстан мемлекеті әр күн, әр апта өткен сайын нығайып келеді. Жаһандық даму үрдісіндегі көп этносты қоғамда тату тіршілік кешудің қазақстандық моделі атанған азды-көпті тәжірибеміз де бар.





ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ, ДРУЗЬЯ! 78

В феврале 2007 года мы защитили экологический оздоровительный проект по сохранению биоразнообразия и развитию экотуризма в Коринском ущелье Джунгарского Алатау и получили грант от Глобального Экологического Фонда на создание экокемпинговой площадки «Табулак». И тем же летом, не откладывая дело в долгий ящик, мы открыли эту площадку.

Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия РК. Свидетельство №3699-Ж от 18 марта 2003 года. Тираж 5000 экз.

Отпечатано в типографии «Business Media»

одна страна – одна судьба

АДАМЗАТТЫҢ БӘРІН СҮЙ, БАУЫРЫМ
ДЕП... 14

РУХЫ АСҚАҚ ЕЛДІҢ – КЕЛЕШЕГІ
КЕМЕЛ 16

ТАТУ ТІРЛІКТІҢ ЖЕМІСІ ДЕ ТӘТТІ 22

БІРЛІККЕ БАСТАР ҰЛЫ ТІЛ 28

МЕСТО ВСТРЕЧИ ДРУЗЕЙ 32

ЛЮБИМЫХ ОКОН НЕГАСИМЫЙ СВЕТ 36

«МИР НАД ВАМИ В РОДНОМ ВАШЕМ
КРАЕ...» 42

ЖЕТІМІН ЖЕБЕГЕН ХАЛЫҚПЫЗ 46

личность

КАПЕЛЬКИ СЧАСТЬЯ 50

МАРИЯ ВАНСВАНОВА: ЖИЗНЬ И
СУДЬБА 54

ЖҮРЕК ЖАРДЫ ӘҢГІМЕ 56

МЫСЛИ ВСЛУХ: О РОДИНЕ, О ЖИЗНИ,
О СЕБЕ 58

САД МОЕЙ МЕЧТЫ 60

хранители традиций

ҚАЗАҒЫМНЫҢ ДӘСТҮРЛЕРІ-АЙ! 62

ОРТАҚ ШАҢЫРАҚ АЯСЫНДА 66

многоликий мир

ГОРОД, ПОХОЖИЙ НА МЕЧТУ 72

ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ, ДРУЗЬЯ! 78

Достық – ең басты байлық



«*Б*іздің ортақ Отанымыз Қазақстанның қазіргідей қарыштап дамып отырғаны – елімізді мекендеуші барлық этностардың ынтымағы мен бірлігінің арқасы. Тәуелсіздігімізді тұғырлы ететін де, елімізді жаңа белестерге шығаратын да – біздің осы қоғамдық татулығымыз», – деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап көрсеткендей, достық – біздің ең үлкен байлығымыз, аса қастерлі құндылығымыз. Президентіміздің сындарлы саясатының нәтижесінде дүние жүзі Қазақстанды бүгінгі күні қоғамдық келісім мен бейбітшілік мекені деп біледі.

Тілі басқа болса да тілегі бір ұлт пен ұлыстарға құтты қоныс болған Жетісу өңірі де береке-бірлікті ту етіп келеді. Мұнда облыс орталығының төрінен Достық үйінің бой көтергеніне 5 жыл толды.

Бес жыл ішінде Достық үйі қаланың сәулеті келіскен сәнді ғимараты ғана емес, ең бастысы ынтымақтың ырысты бесігіне айналды. Оның төрінде түрлі этнос бас қосып, тілі мен салт-дәстүрін, өнері мен мәдениетін дамытып отыр. Мұнда қазыналы қариялар кеңесіп, кейінгі ұрпаққа жөн сілтейді. Асыл әжелер халқымыздың салт-дәстүрлерін түлетіп, жас өркенге ұлағат ұқтырады.

Жер жаннаты Жетісуды мекен еткен барлық этностардың тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін дамытуға өзіндік үлесін қосып жүрген барша азаматтардың еңбектеріне табыстар, істеріне сәттілік тілеймін.

Аңсар МҰСАХАНОВ,
Алматы облысының әкімі

Алматы облысының әкімі,
облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы
А.Т. Мұсахановқа



Құрметті Аңсар Тұрсынханұлы!

Құрметті Достық үйінің ұжымы!

Сіздерді Алматы облысы Достық үйінің құрылуына 5 жыл толуымен құттықтаймыз!

Бірегей архитектуралық келбетімен ерекшеленетін облыстық Достық үйі аз уақыт ішінде аяғынан тік тұрып, еліміздегі ең бір таңдаулы мәдени-ақпараттық орталықтардың біріне айналды.

Мақсатына сай қазіргі заманғы технологиялармен толық жабдықталған зәулім Достық үйі құрылған сәттен бастап өңірде мекендейтін түрлі этностық топтардың салт-дәстүрлерін, тілін, мәдениетін, ұлттық шығармашылығы мен өнерін дамытуға лайықты қызмет етіп келеді.

Бүгінде берекелі шаңырақтың астында еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің, этносаралық татулықтың алтын бесігіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының өңірлік құрылымдары, этномәдени бірлестіктер жемісті жұмыс істеп келеді.

Достық үйінің ұжымы өзінің қажырлы еңбегінің арқасында этносаралық келісім мен достықты нығайту ісіне айтарлықтай үлес қосып, республика көлеміндегі үлгілі ұжымға айналды.

Елдің бірлігін бекемдеу жолында еңбек етіп келе жатқан Достық үйлерінің алдағы уақытта да атқарар міндеттері зор. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Ассамблеяның XX сессиясында Достық үйлерін өңірлердегі ассамблеялардың Қоғамдық келісім орталығы ретінде дамытуды тапсырған болатын. Алматы облысы осы міндеттерді орындауда да үлгі көрсетеді деген мол сенім білдіреміз.

Бүгінгі атаулы күні еңбектеріңізге алғыс білдіре отырып, сіздерге зор денсаулық, ырысты ынтымақ, берекелі бақыт тілейміз.

Тәуелсіз еліміздің өркендеуі жолында атқарған еңбектеріңіз жана берсін деген тілек білдіреміз.

Ералы ТОҒЖАНОВ,
Қазақстан халқы Ассамблеясы
Төрағасының орынбасары –
Хатшылық меңгерушісі



Құрметті жетісулықтар!

Астанадағы бейбітшілік пен келісім Сарайының жалғасындай болып, 2008 жылдың қараша айында Талдықорғанда тамаша Достық Үйі ерекше үлгіде, арнайы жобамен салынды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың байыпты ұлтаралық саясатын қолдаған, өзгенің құқығына құрметпен қарайтын халқымыз бүкіл әлемге өзінің достығы айнымас, бірлігі мызғымас, ел бастайтын көсемі, сөз бастайтын шешені, ту көтерер ерлері бар іргелі де егеменді ел екенін дәлелдеді.

Қазақстандық даму үлгісін, жеткен жетістіктерімізді әлем мойындап отыр. Еліміздің еркіндігі мен тәуелсіздігі, азаматтарының құқықтық теңдігі – біздің басты құндылығымыз.

«Өткенді еске алу есейгендіктің белгісі» дегендей, тарихи жылдардың нәтижесіне бүгінгі жас ұрпақ куә болуда. Олар бабалар аңсаған Тәуелсіздіктің таңы арайлап атқан еркін заманда өмір сүріп келеді. Сондықтан да бүгінгі жастарды бақытты деп санаймын.

Талай алыптарды дүниеге әкелген топырағы киелі, Жетісу жеріндегі Достық үйінің шағын мерейлі датасы сіздерді тың серпілістерге жетелесін.

«Иесіне қарай үйі» деген елімізде даналық сөз бар. Біз қандай болсақ, Қазақстанның ертеңі де сондай болмақ. Еліміздің болашағы жастардың қолында. Өскелең ұрпақ халқымыздың бірлігі мен достығын одан әрі нығайта берсін.

Серік ҮМБЕТОВ,

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты



Уважаемые коллеги! Дорогие друзья!

Искренне и сердечно поздравляю всех вас с замечательной датой – 5-летием с момента открытия Дома дружбы Ассамблеи народа Казахстана Алматинской области.

Горжусь тем, что в составе делегации Жамбылской области мне выпала честь принять участие в мероприятиях, связанных с открытием этого замечательного Дворца мира и единения. До сих пор помнятся яркие впечатления о грандиозности замысла и реально созданных условиях, обеспечивающих благоприятные условия для деятельности общественных объединений этнической направленности.

За этот сравнительно небольшой срок Дом дружбы обеспечил значительную активизацию деятельности этнокультурных объединений, единения средств и возможностей в достижении главной цели – реализации государственной национальной политики, политики мира и созидания, ставшей важнейшим гуманитарным ресурсом развития экономики нашего государства и общества в целом.

В этот знаменательный день примите мои искренние поздравления и добрые пожелания успехов в реализации новых, самых смелых планов по укреплению мира и согласия, единства народа в достижении грандиозных задач, определенных Стратегией «Казахстан-2050».

И пусть всегда на благодатной казахской земле, в нашем миролюбивом государстве, под шаныраком замечательного Дома дружбы всегда торжествует дух мира, добра и любви!

Надежда НЕСТЕРОВА,

депутат Мажилиса Парламента РК,
член Ассамблеи народа Казахстана

Уважаемый Аңсар Турсынханович!



От лица Ассоциации корейцев Казахстана поздравляю Ваш дружный коллектив, а также этнокультурные объединения Алматинской области с 5-летием со дня основания Дома дружбы в городе Талдыкорган!

Талдыкорганский Дом дружбы был открыт одним из первых в республике и с 2008 года является украшением и достопримечательностью областного центра! В Талдыкорганском Доме дружбы созданы все условия для продуктивной и комфортной деятельности 23 областных этнокультурных центров. Ваш дружный, сплоченный коллектив проделывает ежедневную работу, направленную на воспитание казахстанского патриотизма, укрепление межэтнического и межконфессионального согласия. Сегодня Дом дружбы сплачивает вокруг себя множество этносов, проживающих в многонациональном крае Жетысу, и является олицетворением дружбы между народами.

Желаю Вам дальнейших успехов, неувядающего оптимизма, высоких результатов в Вашей работе!

Роман КИМ,

президент Ассоциации корейцев Казахстана,
депутат Мажилиса Парламента РК

Каким ты именем назовешь свой дом – таким он и будет!



Дом. Как много смысла в этом слове! Первое, что приходит на ум – это *отчий дом*. И ощущение этого дома, тепло его очага, нежность материнских рук, забота старших, строгость отца, все это живет с нами, и мы его передаем из поколения в поколение – каждый как умеет. Это очень личное, твое, с тобой, и это греет душу.

Дом пионеров – познание мира и обретение друзей, развитие талантов, и гордость, что ты часть чего-то большого, нужного, что с тобой возьмется, для того чтобы в будущем иметь патриота своего отечества.

Дом молодежи – красота и сила, таланты и поклонники, чувства и ожидания, задор и дерзость, выбор пути и радость от первых побед и признаний, вперед!

Дом Дружбы – обитель единства духа и согласия.

Дом Дружбы – храм, в котором нет распри, и на самом деле каждый другому – брат.

Дом Дружбы – это институт народной дипломатии и в какой-то мере бренд, имеющий право на экспорт.

Дом Дружбы – мастерская по ремонту человеческих душ и пристань для ищущих.

Дом Дружбы – надежда для народа и опора для власти, если власть искренне служит народу.

В Казахстане много Домов дружбы, у каждого своя история и своя судьба, есть города, в которых их и вовсе нет (к сожалению), но каждый раз, посещая Дом дружбы в Талдыкоргане, понимаешь, что он является центром тяготения тех, кто считает Казахстан своей Родиной.

Ахмед МУРАДОВ,

депутат Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
сопредседатель Ассоциации «Вайнах»



Достық үйі – бірлік пен ынтымақтың ұясы

«**Ү**нінен, тілінен және дінінен айырылған халық жер бетінен жойылып кетеді», деген екен Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз.

Президентіміз, Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының қай сессиясында болмасын, мемлекеттік тіл мәселесіне аса көңіл бөліп, осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігі туралы тынбай айтып келеді.

Сондықтан, Қазақстан халқы Ассамблеясына артылған абыройлы міндет – ел ішінің татулығы мен бірлігін қамтамасыз ете отырып, оның негізгі кілті мен бірден-бір тетігі мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту. Қазір облыста 14 мемлекеттік тілді оқыту орталықтары жұмыс істеп жатыр. Оларда тілдерді оқып үйренуге ниет еткен әрбір тыңдаушыға қажетті жағдайлар жасалған. Бағдарлама міндеттерінің бірі – ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйрену. Бүгінгі күні облыста мемлекеттік тілді, сондай-ақ орыс және ағылшын тілдерін тиімді меңгеруде ең үздік, инновациялық әдістемеліктерді, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейне материалдарын қолданудың тың бастамасы қолға алынып отыр. Біздің облыстағы Тілдер сарайы да Республикадағы бірден-бір ғимарат.

Достық үйінде мемлекеттік тілден басқа, этностардың ана тілін үйрену курстары, мысалы қытай, кәріс, шешен, татар тілдерін үйренуге мүмкіндік жасалған.

Алматы облысында 700-ден астам жалпы орта білім беретін мекеме болса, оның ішінде: ұйғыр тілінде оқытатын 11 таза ұйғыр және 46 аралас мектеп бар. Сонымен қатар, кәріс тілі Қаратал ауданында, әзірбайжан тілі Көксу ауданында, грек тілі Талғар ауданында, түрік тілі Еңбекшіқазақ және Қарасай аудандарында, дүнген тілі Панфилов ауданында, күрд тілі Еңбекшіқазақ ауданында оқытылады. Этномәдени орталықтар жанында ана тілін оқыту курстары жұмыс істейді: неміс тілі – Талдықорған қаласындағы «Видергебурт» бірлестігінде, кәріс тілі – «Себек иссыль» орталығында, орыс тілі мен әдебиеті – облыстық орыс орталығында үйретілуде.

Облыстық орыс орталығының барлық филиалдарында мемлекеттік тілді оқыту курстары белсенді жұмыс істеп келеді. Нәтижесінде, облысымызда қазақ тілінде сөйлейтін славян тектес жастар саны арта түсті.

Облыстағы өзекті мәселенің бірі – ұйғыр тілінде оқытын балалардың көпшілігінің ҰБТ тапсырудан сырт қалуы. Өйткені, ҰБТ мемлекеттік немесе орыс тілінде қабылданады. Осы мәселені шешу және этностардың өз тілдерін үйрену үшін жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мысалы, республикалық «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» акциясы аясында «Мемлекеттік тіл саясатын іске асырудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізіп, Алматы қаласындағы №153 мектеп-гимназиясының жағдайымен таныстық. 27 тамызда Алматы облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының ұйымдастыруымен облыстық Достық үйінде «Билингвальды оқыту тәжірибесін тарату» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өтті. Облыс мектептерінде Алматы қаласындағы №153 мектеп-гимназияның моделі бойынша жұмыс жүргізу ұсынысы қабылданды және осы бағытта мектептеріміз тәжірибе алмасуда.

Достық үйінің 5-жылдық мерейлі датасына толағай табыстармен келіп отырған Ассамблея ұжымына және барлық отандастарымызға еңбектері жемісті болсын дегім келеді. Ел игілігі үшін атқарып жүрген істеріңізге сәттілік тілеймін. Шаңырақтарыңызда әрқашанда бейбітшілік пен ауызбірлік, өзара сенім мен келісім, денсаулық пен бақыт болсын!

Серік МҰҚАНОВ,

Алматы облысы әкімінің орынбасары



*Мы – жетысуйцы – единый народ
Великой страны Казахстан,
Объединил под своим шаныраком,
Дом Дружбы судьбою нам дан.*

Наша замечательная Алматинская область – край семи рек – является одним из прекраснейших уголков благословенного Казахстана. И всегда была мечта создать в административном центре области Дом дружбы, где проводились бы торжественные мероприятия, конференции, семинары по обмену опытом, пропаганда культурного наследия народа Казахстана. И эта мечта сбылась!

Поздравляю всех сопричастных к работе Ассамблеи народа Казахстана Алматинской области с 5-летием Дома дружбы!

С особой теплотой хочется поблагодарить вдохновителя и организатора строительства этого уникального сооружения, не имеющего аналогов на всем Евразийском пространстве – Серика Абикеновича Умбетова, истинного друга Ассамблеи. Достоинно продолжает преемственность в руководстве областной Ассамблеей аким области Ансар Турсынханович Мусаханов. Ассамблея Алматинской области по праву является одной из лучших в республике по эффективности работы этнокультурных центров и воспитанию молодежи в духе казахстанского патриотизма. Секретариат областной Ассамблеи в лице Габита Турсынбай и Сауле Сурабалдиновой всю организационную и методическую работу исполняют вдохновенно и профессионально, со знанием дела объединяя и координируя деятельность этнокультурных центров.

Я – член Ассамблеи народа Казахстана со дня ее основания, ветеран Великой Отечественной войны. Побывал во многих странах мира, как во время войны, так и в послевоенный период. Видел жизнь народов разных стран, но могу с уверенностью сказать, что лучше нашего многонационального Казахстана нет нигде. И хотя я родом из Украины, но 54 года моей службы, работы и жизни в Казахстане, жизнь моей супруги, детей и внуков, дают мне право утверждать, что Казахстан – это моя Родина. Еліміз аман болсын!

Леонид ГИРШ,

Ветеран Великой Отечественной войны,
член Ассамблеи народа Казахстана,
председатель общества «Казахстан – Украина»,
почетный гражданин Алматинской области



Облыстық Ассамблеяның Достық Үйі жастардың отаншылдық сезімін арттыру, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, этностардың өзіндік ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін сақтау, мақсатында өңірдегі барлық этномәдени орталықтармен нақты жұмыс атқаруда. Мемлекеттік тілге құрмет – оның негізін құрайтын халыққа құрмет екенін Қазақстанды Отаным деп білетін әрбір азамат біледі. Облыс әкімдігі таяу жылдар ішінде мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді меңгеріп, орыс тілін және қазақстандық этнос өкілдерінің де тілдерін оқып үйренуі үшін қажетті іс-шаралар кешенін қарастырып, өңірлік Ассамблеяның 2020 жылға дейінгі даму Тұжырымдамасын жүзеге асыруға ықпал ететін болады.

Облыстық Достық Үйі бейбітшілік пен келісім алаңы. Бес жыл көп уақыт емес, ең бастысы – мақсат айқын. Сол игі мұратқа жету жолында Қазақстан халқы Ассамблеясының ұжымына зор жетістіктер тілеймін.

Бағдат ҚАРАПАЕВ,

Алматы облысы әкімінің аппарат басшысы

Татулық бесігі



Осыдан бес жыл бұрын Талдықорған қаласы тағы да бір сәулетті нысанмен толығып, Достық үйі бой көтерген болатын. Аты айтып тұрғандай бұл нысанға бас сұққан адам достықтың мекеніне кіргендей әсер алады. Бір шаңырақ астында бас қосқан этномәдени орталықтарының жұмысы қашанда қайнап жатады.

Расында әлемде қанша ел болса, сол елде қаншама ұлт өмір сүргенімен мемлекетті құраушы ұлт пен сол елде тірлік кешетін өзге ұлттар мен ұлыстардың емін-еркін өмір сүруіне керекті мүмкіндік тудырғандары санаулы ғана. Соның ішінде, іргесін жаңадан бекітіп жатқан жас Қазақстанның осындай қадамға баруы құптарлық іс.

Құшағы кең, пейілі дарқан қазақ халқының кеңпейілділігі осы өңірге көшіп келгендерге жылылық сыйлап, мейірім танытты. Олар осында ұрпақ өсіріп, келешегіне кемел бағыт түзеді. Тәуелсіз Қазақстанның жарқын шұғыласына бөленген олар тағы да Достық үйінде ұлттық мәдениетін дамытуға, тілін сақтап қалуға мүмкіндік алып отыр. Бұл екінің бірінің қолынан келмейтін жақсылық десек, қазақ халқының қадірі мен қасиетін ұғындыратын да белгі саналады.

Күн сайын кемелдене түскен құтты шаңырақ өзінің өзгеше тыныс, батыл ұстаным, жұртқа үлгі болар жаңалығымен татулықтың бесігін тербете беретініне сенімдімін. Осында жұмыс істейтін барлық адамға табыс тілеймін. Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асыру жолындағы міндеттеріңізді абыроймен атқара беріңіздер.

Әбдіманап БЕКТҰРҒАНОВ,

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры



Дому дружбы Алматинской области исполнилось 5 лет. За этот период Дом дружбы превратился в мощный центр сосредоточения культурно-массовой работы.

Под эгидой АНК Алматинской области в Доме дружбы проводится множество мероприятий совместно с акиматом и представителями гражданского общества. Мне довелось участвовать как на торжественной церемонии открытия Дома дружбы в 2008 году, так и Круглом столе в 2012 году, предварившем открытие ассоциацией корейцев памятника благодарности казахскому народу в г.Уштобе. Это были незабываемые грандиозные мероприятия, имевшие большой отклик у населения. Ведь предназначением Дома дружбы является распространение среди граждан позитивного опыта, накопленного в сфере межнациональных отношений, как в целом в стране, так и непосредственно в Алматинской области.

С юбилеем вас! Пусть успешный старт первого пятилетия работы Дома дружбы станет гарантией его предстоящих крупных успехов в осуществлении мероприятий областной АНК по сохранению и упрочению стабильности в казахстанском обществе и формированию нового патриотизма в молодежной среде и населения. Ведь, говоря словами Президента нашей страны, председателя Ассамблеи народа Казахстана Нурсултана Назарбаева: «Новый казахстанский патриотизм – основа успеха нашего многонационального, многоконфессионального государства».

Гульнара АННАКУЛИЕВА,

член Совета АНК, председатель туркменского этнокультурного объединения



Прошло пять лет, как в административном центре Алматинской области в г. Талдыкоргане выросло изумительное здание, которое стало прекрасным подарком представителям всех этносов, проживающих в области. В нем выделены помещения для областных этнокультурных объединений и созданы все условия для проведения различных мероприятий. К услугам этнокультурных объединений здесь имеются залы, студия звукозаписи, мультимедийный центр и т.д. Умело подобранный состав сотрудников обеспечивает эффективную деятельность Дома дружбы.

За этот небольшой промежуток времени Дом дружбы стал признанным местом организации внутриэтнического и межэтнического общения, сохранения и развития культуры и традиций различных этнических групп. Мероприятия, проводимые здесь, доступны для представителей всех этносов, независимо от того, кто их проводит. Следует отметить и то, что сотрудники Дома дружбы работают рука об руку с Секретариатом АНК Алматинской области, что способствует повышению эффективности совместной деятельности. Уверен, что этот великолепный Дом дружбы еще много-много лет будет служить благородному делу – сохранению и укреплению межэтнического мира, согласия и толерантности.

Разрешите пожелать всем сотрудникам Дома дружбы дальнейших успехов в их деятельности, особо значимой в полиэтническом государстве.

Гриф ХАЙРУЛЛИН,
президент объединения юридических лиц
«Ассоциация татар и башкир Казахстана»



Еліміз сан ғасырдан бері көптеген этнос өкілдері үшін киелі мекен, құтты қоныс болып табылады. Бүгінгі таңда қасиетті Жетісу жерінде 100 ден астам этнос өкілдері бір мақсат, бір тілекпен тату-тәтті ғұмыр кешуде. Қазақ халқының қанына сіңген қонақжайлық, бауырмалдық, кеңпейілдік, мейірбандық секілді қасиеттері этносаралық қарым-қатынастың жақсарып, халық арасындағы достықты арттырып, бірлігіміздің нығаюына үлкен ықпал етіп отыр.

Достық үйі сәулеті жарасқан ғимарат қана емес, бір шаңырақта мәдениеті жарасқан бейбіт өмірді қамтамасыз ететін этномәдени ордаға айналды. Әр ұлттың орталығын өзінің қарамағында біріктіріп қана қоймай, олардың тілдері мен мәдени мұраларын сақтап қалуға барлық жағдайларды жасап отырған мәдениет ошағы болды.

«Байлықтан артық достық бар, достықтан артық байлық жоқ», – дейді халық даналығы. Біздің басты байлығымыз, елдің татулығы, бірлігі, төзімділігі. Достық үйінің «бірінші бесжылдығы» оның алдағы уақыттағы үлкен жеңістерінің кепілі болсын деймін.

Болашақта қазақстандық патриотизімді нығайтуға, ұлттық дәстүрлерге құрметпен қарауға, азаматтарды топтастыруға ықпал ететіндеріңізге сенімдімін және алдағы уақытта Қазақстанның жарқын болашағы жолында мәдениетін әспеттеп, өнерін асқақтатып көрсететіндеріңізге күмән жоқ. Еңбектеріңіздің өрісі еселене берсін!

Рахмет ЕСДАУЛЕТОВ,
Алматы облыстық мәдениет,
мұрағат және құжаттар басқармасының бастығы

Уважаемые коллеги!



Сердечно поздравляем вас с пятилетием со дня открытия вашего Дома дружбы – настоящего храма мира и стабильности в регионе. Он является одним из первых Домов дружбы республики, построенных по типовым проектам, располагает большой материально-технической базой и высококвалифицированными кадрами, настоящими патриотами, отдающими всю свою энергию, знания и энтузиазм во имя самого светлого, что есть на планете – укреплению дружбы на нашей священной казахстанской земле с вековыми добрыми традициями взаимопомощи и гостеприимства.

На богатых землях вашего региона нашли свой приют и кров многие гонимые судьбой люди разных национальностей — корейцы, чеченцы, немцы, азербайджанцы и другие. Всем сердцем восприняв казахскую культуру, обычаи и традиции, объединенные общей целью построения успешного, авторитетного во всем мире, конкурентноспособного государства, они трудятся во всех сферах экономической, политической и культурно-социальной жизни области.

В этом мы наглядно убедились во время посещения вашей области, мы были покорены вашим гостеприимством.

Как и все этносы страны, наши этнокультурные объединения выражают вам искреннюю признательность за то, что именно на вашей земле осуществлен проект установления скульптурного символа благодарности и признания казахам от всех репрессированных народов, в разные времена лихолетья оказавшихся на казахской земле.

Желаем вам неиссякаемого вдохновения, мощной творческой энергии, грандиозных достижений, новых креативных идей, направленных на укрепление общественного согласия и дружбы между народами, процветание нашей общей родины – Казахстана, укрепление его международного авторитета.

Эльдар ТОЛЕУБЕКОВ,
директор Восточно-Казахстанского Дома дружбы



Дом дружбы Ассамблеи народа Казахстана Алматинской области на сегодняшний день является не только местом проведения культурно-массовых мероприятий, он стал общим домом для всех этносов края Жетысу. Глядя на здание Дома Дружбы, которое построено по специальному проекту, восхищаешься его возвышенностью и неповторимой архитектурой.

О Доме дружбы я слышала давно, однако не знала, кто здесь работает и чем они занимаются. Мой первый визит сюда пришелся на тот момент, когда предо мной встал вопрос о поиске новой работы.

В преддверии 5-летнего юбилея Дома дружбы хочу от чистого сердца поздравить коллектив с этой знаменательной датой. Желаю Вам и вашим близким здоровья, счастья, благополучия, творческих успехов в работе, неиссякаемой энергии и сил для укрепления дружбы, мира и согласия в нашем благодатном крае.

Пусть над нашим шаныраком всегда будет чистое небо!

Индира АЛЬХАНОВА,
сотрудник фонда АНК



Поздравляю наш замечательный Дом дружбы с пятилетием! За пять лет существования Дом дружбы стал не только одной из архитектурных достопримечательностей города, но и местом встречи огромного числа людей в лице руководителей и представителей этнокультурных центров.

Дом дружбы – это место, где звучат песни всех этносов, проводятся национальные праздники и вырабатываются решения по сложным межнациональным вопросам. Дом дружбы является одной из основных площадок для реализации государственной национальной политики. Хочу пожелать всем сотрудникам этого светлого места – источника толерантности и созидания – творческих свершений, интересных и плодотворных идей, мудрости, зоркости, терпения и последовательности. Пусть каждый из вас помнит, что делает большое дело во благо людей, живущих на земле Семиречья. Оставайтесь полными энергии и жизнелюбия, бодрости духа и прекрасного настроения. Для нас вы – не только партнеры в реализации мероприятий и проектов городского, областного и республиканского масштабов. Для нас вы – друзья, соратники и наставники. Мы рады возможности быть частью большой, дружной семьи под крышей нашего «Дружного Дома».

Евгений ТИГАЙ,

руководитель молодежного движения корейцев Казахстана
г. Талдыкорган



Пальму первенства в открытии Дома дружбы оспаривают все: и Восточный Казахстан, и Северный, и Павлодарщина, и город Алматы... Но, пожалуй, такого здания, специально построенного для этих целей, красивого, добротного, с открытой дверью для всех желающих, как в Талдыкоргане, нет нигде. Пять лет тому назад наш журнал опубликовал первую статью о торжественном открытии этого Дома. Радости «жильцов» не было предела. И вот сегодня талдыкорганцы отмечают его первый юбилей. К знаменательным датам принято дарить подарки. Наш подарок – этот спецвыпуск журнала, на страницах которого отражена вся многогранная жизнь вашего региона, деятельность этнокультурных объединений, интервью с руководителями Алматинской области и города Талдыкоргана. Но самое главное – это ваши лица, удивительные, прекрасные лица людей, сердца которых открыты добру и дружбе. Сауле Сурабалдинова, вложившая душу в этот выпуск, уговаривала нас использовать каждый миллиметр журнальной площади для того, чтобы в нем поместились все фотографии – от акима области до охранника Дома дружбы. Но разве можно объять необъятное?! Алматинская область с ее прекрасными легендами, великолепными памятниками старины, живописными ущельями и величественными горами – гордость Казахстана. Но самое главное богатство региона – вы, ее жители: трудолюбивые, милосердные и доброжелательные. Это о вас и вашем чудном крае писала Ольга Берггольц в своих многочисленных произведениях о Семиречье.

С первым юбилеем, дорогие друзья! Храните таинство дружбы, как «песнь сердечную, подобную святыне»!

Зейнегуль СЕЙСЕНОВА,

главный редактор республиканского
журнала «Достык-Дружба»



Ли Владимир
Леонидович



Бузькин Александр
Александрович



Осман Асылы
Әліқызы



Молодцов Владимир
Геннадьевич



Асиев Шахисмаил
Ахметович



Хан Клара
Александровна



Тохтаунов
Рахимжан Имирович



Гаспарян Кнарик
Ерджаникович



Гасанов Маликшах
Шахмуратович



Криворучко Татьяна
Григорьевна



Ахметова Асия
Турсыновна



Идигов Атсалим
Саламович



Иорданиди Георгий
Константинович



Ибрагимов Хайрулла
Абдурахимович

ВЕЛИЧАЙШЕЕ ИЗ БЛАГ – УМЕНИЕ ДРУЖИТЬ

Дом Дружбы... Что значит он для нас?! Это не только поддержка и развитие родного языка, традиций, культуры, а нечто большее... Чем можно измерить взаимное понимание, терпимость, бережное восприятие духовных и культурных ценностей людей разных этносов, которые составляют глубинную суть общества, которая сформировала общие для всех идеалы и ценности?! На поверхности нашей каждодневной, кропотливой работы можно видеть только маленькую толику: выступления творческих коллективов, выставки прикладного народного искусства, особенности национальной кухни. Труд наш нельзя измерить, осязать или оценить на ощупь, как нельзя потрогать любовь, дружбу. Мы живём в мире, понимании и толерантности, в этом есть и наша доля участия, как граждан независимого Казахстана с активной жизненной позицией, Мы разные, но цели и идеалы у нас едины!

С юбилеем, наш общий дом – Дом дружбы и согласия, в котором так тепло и уютно всем нам!



Мамуч-оглы Али
Судейманович



Алимбердиева
Аида Бархатовна



Белик Наталья
Алексеевна



Исламов Рахман
Абдумуслимович



Чесноков Анатолий
Петрович



Шыныбаев Серикбол
Түлеутаевич



Мазова Людмила
Анатовна



Возчиков Игорь
Александрович



Кравченко Дарья
Алексеевна



Тилов Исмаил
Мухадинович



Порсева Елена
Петровна



Кулиев Сагиб



Путахиди Галина
Георгиевна



Цой Роберт
Викторович

АДАМЗАТТЫҢ БӘРІН СҮЙ, БАУЫРЫМ ДЕП...



Алматы облысы әкімінің
бірінші орынбасары
Амандық Ғаббасұлы
БАТАЛОВПЕН сұхбат

– Достық үйі Жетісудағы этнос өкілдерінің басын біріктірген достық пен келісімнің ортақ шаңырағына айналды. Оның құрылысының басында өзіңіз жүрдіңіз, қазіргі жұмысы да назарыңызда, көңілге түйген ойларыңызбен бөліссеңіз...

– Расында да, біздің Достық үйіміздей сәулеті келіскен ғимарат кемде-кем. Оны жобалау кезінде әртүрлі ұсыныстар қарастырылды. Этномәнерде де, «хайтек» немесе классикалық түрінде де тұрғызуға болатын еді. Меніңше, нақ осы қалпында, ерекше сәулетті таңдау арқылы қателескен жоқпыз деп айтуға болады. Достық үйінің бүгінгі келбеті арқылы Қазақстан халқы Ассамблеясының мәнін, оның



қызметінің маңыздылығын аша түстік деп ойлаймын. Әрқайсымыздың еркін кіріп, жемісті еңбек етуіне мүмкіндік беретін бір есіктің ашылғанын қаладық. Көздеген мақсатымызға да жеттік.

Рухани парасат пен ізгілік біздің халықты біріктіретін басты құндылықтардың бірі болуы тиіс деп ойлаймын. Этносаралық қатынастарды қалыптастыруда осы факторларға мән берген жөн. Ол әрине, тақыр жерде өсіп-өнбейді. Бұқараның санасын серпіп, жүректеріне сәуле түсуі үшін бірлесе атқарар жұмыстың ауқымы кең болуы керек. Осыдан бес жыл бұрын есігін айқара ашқан Достық үйі осы мақсатқа жұмыс істеп келеді. Осы үйдің қабырғасында тың ойлар, игі бастамалар дүниеге келіп, көпшілікке жетіп жатыр. Ынтымақпен, бейбіт қатар өмір сүрудің өзіндік ережесі болуы заңды. Халық даналығында, Абай тағлымында ынтымақ, ауызбіршілік ел бірлігінің негізі ретінде айтылады. Жетісу жерінде жасап жатқан халықтың ой-арманы, асыл мұраты ұштасуында облыстық Ассамблеясы хатшылығы мен Достық үйі ұжымының жұмысын ерекше атап өтуге болады.

Сәті келген сұхбатымызда бүкіл жетісулықтарды, барлық ұлт пен ұлыс өкілдерін Достық үйінің бой көтергеніне бес жыл толған мерекесімен құттықтағым келеді. Бірлігі жарасқан елдің алар асуы да биік болады, әрдайым биіктен көріне берсін.

– Елбасы өзінің Жолдауында «жаңа қазақстандық патриотизм» туралы айтты. Өскелең ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің басы не деп ойлайсыз?

– Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан

мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауында «жаңа қазақстандық патриотизм» – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі деп көрсетті. Қоғамдық келісімді сақтауға және нығайтуға тиіспіз деп мақсатымызды айқындады. Бұл жастарға, балаларымыздың бойына тәрбие арқылы келеді.

Әр заманның үлгі алар аңыз-адамдары болады. Біздің буынның өкілдері де ұлы идеяларда өсіп, болашағымызға жол салдық. Қазіргі күнде кімді үлгі тұтып, кімдерге қарап бой түзейміз дегенде тосылмауымыз керек. Ондай жандар жанымызда жүр, ондай адамдар маңдай терімен жер байлығын жинап, ел дәулетінің тасуына тер төгіп жүр. Қарапайым еңбек адамы да өнеге болуға тиіс. Оқу-білімге құштар, озық ғылымды игеріп, жеті жұрттың тілін меңгеріп жатқан бүгінгі «болашақтың» жастарына қарап бүгінгі оқушы бойын түзеу керек.

Келешегіміздің кілтін ұстайтын жастарды тәуелсіз еліміздің қол жеткен табыстарымен жеңістерінің үлгісінде тәрбиелеу қажет.

Тек қана тәуелсіздік жылдары еліміз саясатта, экономикада, әлеуметтік салада өзгелерге өнеге болатындай дәрежеде алға дамыды. Қоғамның өзгеруіне сай, көптеген нәрселерге көзқарасымыз өзгерді. Жаңаша ойлауға бастайтын батыл қадамдар жасап, заман талабына қарай сана-сезім қалыптасты. Әлемдік қауымдастықты мойындатқан еліміздің бүгінгі келбеті, жарқын көкжиегі де өскелең ұрпақтың кеудесінде мақтаныш сезімін оятып, Отан алдындағы жауапкершілігін ұштауы керек.

Өткен тарихымызды зерделесек, ел басқарған тұлғалар, жер қорғаған батырлардың Отан үшін жан беріп, жан алысқан боздақтарды мақтан етіп, жасампаздық рухында тәрбиелеуіміз керек. Күні кеше ғана мемлекетіміздің туын асқақтатып, спорт додасында жүлделі болған жерлестеріміздің ерлігі сан жүректерде отансүйгіштік қасиетін оятты.

– Ұрпақтар ауысқан сайын құндылықтары да ауысады. Достық үйінде жағылған оттың шуағы көпшілік жүрегіне жануы үшін қандай жұмыстарға басымдық бересіздер? Тар жерде табысқан барлық ұлттардың арасы ажырамауы үшін не істеу қажет?

– 2012 жылы Қаратал ауданында депортацияға ұшыраған этностар ұрпақтары атынан «Қазақ халқына мың алғыс» ескерткіші ашылды. Қазақ жерінде өсіп-өнген этнос өкілдерінің өз өткен тарихына естелік ретінде де осы ескерткіш маңызды. Жылдар өткен сайын, ұрпақтар ауысып, қилы заман шежіресі, оның трагедиясы алыстап барады. Басқа қоғамда дүниеге келген жас буынның санасында басқаша сипат алуыда заңды болса керек. Әр этностың қазақ жеріне келу тарихы отбасында айтылып, сол бауырластық рухта тәрбиеленсе, көптеген сұрақтардың жауабын түгендер едік. Тарихымызды білу керек. Ел-жердің шежіресі, этностардың қоныс аударылуының себептерін білу, олардың мәдениеті мен дәстүрлерімен танысу арқылы бүгінгі тарихымызды жазамыз. Ортақ тарихымыз еліміз, жеріміз, туған тілімізді, мемлекет тілін білу арқылы халық болып топтасып алға озамыз.

Дайындаған Айгүл УАЙСОВА

РУХЫ АСҚАҚ ЕЛДІҢ – КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ



«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» дейді халық даналығы. Әлемдік өркениет қатарында өзіндік орны бар, ата дәстүрі – салтын сақтаған, адами қарым – қатынастардың жоғарылығымен ерекшеленетін Қазақстан мемлекеті әр күн, әр апта өткен сайын нығайып келеді. Жаһандық даму үрдісіндегі көп этносты қоғамда тату тіршілік кешудің қазақстандық моделі атанған азды-көпті тәжірибеміз де бар.



Ғабит ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ,
Алматы облыстық
Қазақстан халқы
Ассамблеясы төрағасының
орынбасары,
хатшылық меңгерушісі

Адам баласының табиғаты сол, белгілі бір уақыт аралығында, мейлі ол мерейлі дата болсын, жаңа жыл ма, әлде мүшел жасқа келсін, өткенді екшеп, көз жүгіртеді, болашағын болжап, бағдарын түзейді, асқақ арман-мұраттарға ұмтылады. Қоғам өмірі де солай, қашанда қарбаласқа толы, уақыт билігімен екпіндеп, алға ұмтылады. Осы үрдісте үйлесім тауып, жүйелі жоспармен жұмыс істеген адам да, қоғам да Ұлы көштен қалып қоймай, ілгері басады.

Республиканың шұрайлы өңірі – Алматы облысында жүзден астам этнос өкілдері өмір сүреді. Тұрғындардың жалпы саны екі миллионға (1 947 311 адам) жуық.

Үстіміздегі жылдың қараша айында Алматы облысының орталығы – Талдықорған қаласындағы Достық үйінің ашылғанына бес жыл толып отыр. Зейін қойып қараған жанға аз уақыт емес. Әр жылдың өзі – бір шежіре.

Қаланың, облысымыздың, тіпті еліміздің көлемінде болып жатқан игі істерге өзінше үн қосып, кейде бастамашы болып келе жатқан Достық үйі бүгінде бейбітшілік пен келісімнің алаңы, ел бірлігі үшін істеліп жатқан қызу тіршіліктің қырманы. Кейбіреулер айтқандай, ұлттық киімін киіп, сауық-сайран ұйымдастырып қана қоятын мекеме емес. Әрине, облыс аумағын мекендейтін жүзден астам этнос өкілдерінің басын біріктіріп, салт-дәстүрін сақтауға, мәдениетінің мәйегін татып, ана тілін ұмытпауға бірден-бір көмек беретін, жағдайын жасайтын мекеме болғандықтан, түрлі халықтық мерекелер, этномәдени ұжымдар осы шаңырақ астында бас қосады. Мемлекет қамқорлығын сезініп, киелі қазақ жеріндегі берілген мүмкіндікті пайдаланып келер күнге деген үміт-сенімі арта түседі.

Осы бес жыл ішінде болған маңызды шараларды тізбелеп айту мақсат емес. Дегенмен, облыс тұрғындары мен облыстық Ассамблея өмірінде елеулі із қалдырған аса маңызды оқиға – Достық үйіне Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының



Төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың келуі. Мәртебелі қонақтарды Достық үйінің ауласында бір топ ардагерлермен, Ассамблея мүшелерімен бірге күтіп алдық. Асқан ықыласпен қарттардың қолын алған Елбасы емен-жарқын жүздесуден соң Достық үйіне енді. Үш қабатты сәулетті ғимараттың ішкі тыныс-тіршілігімен танысты. Облыстық Ассамблеяның мүшелерімен пікірлесті. Тәуелсіз елдің, Қазақстан халқының санасын сілкініп, дүниетанымын әлемдік өркениет қатарының алдыңғы легіне шығару, осы арқылы ұлтымыздың рухын көтеру, өз өмірінің сапасын арттыруға бейімдеу жөнінде салмақты ойын айтты.

Елбасының қашанда жұмыс кестесі тығыз, уақыты тапшы. Әсіресе, ұшы-қиырсыз киелі отанымыздың аумақтарына барғанда. Достық үйіндегі кездесуге мәртебелі Президентіміз бір сағаттан астам уақытын бөліп, үлкен залға жиналған қауыммен еркін пікірлесті. Халықтың ынтымағы мен бірлігін сақтаудың маңызын жете түсінген Жетісу жұртшылығына разылығын білдірді. Өз кезегінде Достық үйінің жанындағы «Өрнек», «Назугум», «Туған тель», «Вайнах», «Ачимноуль», «Нахичеван» және тағы да басқа өнер ұжымдарының шағын концерттік бағдарламасын көрді. Кездесу барысында Елбасы тарапынан ұдайы бір жылылық лебі есіп, әкелік қамқорлық сезіліп тұрды. Жандары жадырап, көкірегі қуаттанған кездесуге қатысушылар Нұрсұлтан Әбішұлына шексіз алғыстарын жеткізіп жатты. Өйтпегенде ше, ата-бабалардың аңсаған арманы, тәуелсіз мемлекет болуымызда, Қазақстанды әлем танып, мойындауында тұңғыш Президентіміздің асқан ерлігі



мен тынымсыз еңбегінің, отанға деген шексіз таза сезімінің нәтижесіндегі орасан үлесі екені ақиқат. Халқымыздың осындай дана перзентімен Достық үйінде жолығу талай жастың арманына қанат берді, өміріне өшпестей сәулелі ізін қалдырды.

Іле ауданының орталығы Өтеген батыр кентіндегі славян этномәдени орталығының «Гжель» тобы Достық үйінің

сахнасында асқақ әуенді тербеле, тебірене қазақ тілінде шырқап тұр:

*«Малынған нұрға даланы
Мұраға бабам қалдырған.
Адамдық ақыл-сананы
Дарытып бойға қондырған.*

*Қастерлі әрбір сүйемі,
Қазақтың жері киелі.
Анамның тиген табаны,
Жерімді мәңгі сүйемін.*



*Өзені, көлі тау-тасы,
Етене жақын-тым ыстық.
Шалғынға жасыл аунашы,
Құшағын ашсын тыныштық.*

*Жаның да бір сәт жай табар,
Осындай жұмақ қайда бар?!
Қазақтың елі саялы,
Жаһанға жар сап айта бар!» – дейді өлең жолдары.*

Жүректен шыққан әуен жүректерге жетіп, залдағы жұрт қайырмасына қосыла күбірлейді. Өйткені, қастерлі қазақ жерінде:

*«Тәуелсіз елдің халқымыз,
Алуан түрлі қалпымыз.
Достықтың туын көтерген*

Жасампаз дәстүр-салтымыз» – деп жүректері бірге соғады.

Облысымызда 71 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Солардың 23-і облыстық деңгейде, Достық үйінде өздеріне тиесілі, заман талабына сай жабдықталған мекен-жайларында халық игілігі үшін қызмет етуде. Олар қоғамдық-маңызды шараларға белсене қатысуымен қатар, этностардың ұлттық мәдениетін, еліміздегі бейбітшілік пен келісімді нығайту бағытындағы игілікті істердің бастамашысы әрі ұйымдастырушысы болып келеді. Жыл бойына Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында 200-ге жуық мәдени-көпшілік шаралар өтіп, оған 90 мыңнан астам адам қамтылады.

Бүгінде Достық үйі облыстық Ассамблеяның шын мәніндегі негізгі базасына айналып отыр. Облыс әкімі, облыстық Ассамблеяның төрағасы Аңсар Тұрсынханұлы Мұсаханов мемлекеттік ұлттық саясаттың Жетісу жерінде толық жүзеге асырылуына жіті көңіл бөліп, назарында ұстап қана қоймай, материалдық-техникалық базасын жетілдіруге мұқият қарайды. Достық үйінің шағын автобұсы, жеңіл автокөлігі, тіпті тереңнен бұрғыланған жеке су құбыры жүйесі де бар.

Қазақстан халқы Ассамблеясы құрамында Алматы облысынан 27 адам мүше болса, облыстық Ассамблеяның құрамы 102 адамнан тұрады. Олардың қатарында әр этностың беделді өкілдері, қоғамдық пікір туғыза алатын көшбасшы қайраткерлері тек облыс көлемінде ғана емес, республикаға танымал тұлғалар.

Мемлекеттік наградалар алған азаматтар да аз емес. Л.Гирш, А.Осман, В.Молодцов II дәрежелі «Достық» орденінің иегерлері болса, А. Бузыкин «Парасат» орденін алған, «Құрмет» орденімен – В. Ли, «Шапағат» медалімен – К. Хан, «Ерен еңбегі үшін» медалімен – Ш.Асиев, А.Ахметовалар марапатталған.

Өткен жылы облысымыздан тағы да 12 адам Ассамблеяның қоғамдық «Бірлік» алтын медалімен марапатталды. Облыстық Ассамблеяның сапалық құрамын оның қатарындағы 4 облыстың құрметті азаматы, 5 қала және аудандардың құрметті азаматтары толықтыра түседі.

Ассамблея хатшылығы жанынан құрылған «Ұлағат» ақсақалдар кеңесі, «Бірлік» жастар қауымдастығы, ғылыми-сараптық топ жыл сайын толығып, заман талабына сай жұмыс істейді. Мақсаты – қарттардың өмірлік тәжірибесі мен жастардың білімін, күш-қуатын



бір арнаға тоғыстыру. «Бірлік» жастар қауымдастығы арқылы этномәдени орталықтардың жастары қамтылады.

2013 жылы мемлекеттік ұлттық саясатты жергілікті жерлерде іске асыру мақсатында Қоғамдық келісім кеңестері құрылды. Олардың төрағалары болып аудан, қала, ауылдардың әкімдері сайланды. Қоғамдық келісім кеңестері этномәдени бірлестіктер, ішкі саясат, білім,





жастар ісі жөніндегі, дін істері бойынша басқармаларымен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Ассамблея әрдайым мәдениет мекемелерімен, кітапханалармен, мұрағаттар және мұражайлармен тығыз байланыста. Соның нәтижесінде Ассамблеяның қыруар іс-шарасына облысымыздың мыңдаған тұрғындары тікелей атсалысады. «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» мега-жобасын ұйымдастыру, Қазақстанға депортацияланған халықтардың тарихын зерттеуге арналған конференциялар мен көрмелердің жұмысы жыл сайын жалғасып келеді.

Осыдан бес жыл бұрын облыстық Ассамблеяның ақпараттық бюллетеніне:

*Көз тоймайтын келбетіне қараса,
Достық Үйі бой көтерді тамаша.
Ұлт пен ұлыс өкілдері алуан
Қоныс еткен ынтымағы жараса.
Қазақстан – қасиетті жеріміз,
Бірлік туын көтереді еліміз! – деп жазған едім.*

Бүгін осы Достық туын көтерген қасиетті шаңырақтың игілігін халқымыз көріп отыр. Бұл шаңырақ – бейбітшілік пен келісімнің ордасы.

Жұртшылықты осы айтулы датамен құттықтай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясының даму стратегиясында белгіленген міндеттерін іске асыруда кең өріс, үлкен табыс тілеймін.

ТАТУ ТІРЛІКТІҢ ЖЕМІСІ ДЕ ТӘТТІ

Айгүл УАЙСОВА

«Үлкен иіліп тұрса, кіші үйіріліп тұрады», дейді Алматы облысы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ардақ СЫДЫҚ. Облысымызда әртүрлі ұлыстар мен ұлттардың барлық өкілдері тұрып жатыр. Әр жылдары өзім қызмет еткен Қарасай, Еңбекші қазақ, Талғар аудандарында ешкімді бөліп-жармай қатар жүріп, қоян қолтық жұмыс істедік. Орыссың, ұйғырсың деп бөлген емеспіз. Әркімді қабілетіне қарай бағалап, адамшылығына қарай құрметтедік. Тату тірліктің жемісі де тәтті. Әсіресе, оны тоқсаныншы жылдардың қиыншылық жылдары ерекше сезіндік. Аумалы-төкпелі, экономикалық байланыстардың ыдырап, елдің басында түскен қиыншылықтарда адам мен адамның арақатынасының сыналған кезі болды. Тірлік болғасын қуаныш та, қайғы да қатар жүреді. Қысылған сәтте көмек қолын созатын да ең жақыны – еңбек ұжымы, сыйлас достары болса керек. Қазаны бірге көтеріп, тойды да бірге өткізуге тырыстық. Өмірдің қазаны бәрімізді жақындастырып жіберді. Ол кезде ассамблея дегенді білмедік. Бірақ қатар жүрген азаматпен сыйласу, қол ұшын беру басты ережеміз де, тәртібіміз де еді. Кейін түрлі мәдени орталықтар құрылып, бас-басына отау тігіп жатқандарына да қуанышты болдық. Өз тілін, мәдениетін білмек болған талпынысын қолдадық.



Қазіргі қызметім Алматы облысы Ардагерлер кеңесінің төрағасымын. Тікелей міндетіміз алдыңғы буын өкілдері, зейнеткерлердің хал-жағдайын жасап, тұрмысын түзету болып табылады. Сонымен қатар жастардың тәрбиесі біздің басты назарымызда. Осы мақсатта «Ата-баба дәстүрі ұрпаққа аманат» деген тақырыппен тәрбие жұмыстарын жүргізуді қолға алдық. Білім ордаларында болып, оқушылармен әңгімелесіп, ашық сабақтар өткізіп жүрміз. Жыл сайын ауданаралық жарыстардан озып шыққан, тәлімі озық орта мектептердің тәжірибесін насихаттап, үздіктерді марапаттап жүрміз. Өзге ұлт баларының ортасында қазақ елінің дәстүрін қаншалықты білгенін байқайтын сайыстарды да ұйымдастырамыз. Жастардың білмегенін үйретіп, білмегенді көрсетіп, жөн сілтейтін үлкендік міндетіміз. Бір бірінің тілі мен мәдениеті, салт-дәстүрімен таныс болған бала әдептен озбайды. Өзінің мұрасымен салыстыра отырып, өзге мәдениетті қабылдауда тәрбиенің бір түрі. Елдің жайын етене білген адамның сол елге жақын болып, бүйрегі бұрып тұратын болады. Бұл да бір-біріне жақындастырудың бір шарты.

Ақсақалдар кеңесі осы міндетті мойнына алғалы, ол республика көлемінде қолдау тауып, басқа облыс орталықтары біздің әдістемелерді үлгіге алып жатқан жайы бар.

Алматы облыстық Қазақстан халқы Асамблеясы жанынан құрылған «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің қызметі ерекше. Қоғамда орын алуы мүмкін әлеуметтік қарама-қайшылықтарды шешу, аймақтағы туындауы



